**Жария сервитут белгілеу туралы**

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 11 ақпандағы № 28 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне және Қазақстан Республикасы өнеркәсіп және құрылыс министрлігі геология комитеті мен "MACHTEHKZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы 2024 жылғы 26 тамыздағы №289-ЖҚГЗ Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензиясы негізінде Бейнеу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "MACHTEHKZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүргізу үшін Бейнеу ауданы, "Төңірекшың" учаскесінде орналасқан алаңы 321,0 гектар жер учаскесіне меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймастан 2028 жылғы 15 қаңтарына дейінгі мерзімге жария сервитут белгіленсін.

2. "Бейнеу аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулыны ресми жариялауға жіберуді;

Бейнеу ауданы әкімі аппаратының ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бейнеу ауданының әкімі* *Р. Шалбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК